

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТИҢ «ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ» ЕҢБЕГІ ХАҚЫНДА**Рахым Нұрила Маратқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Тарих факультеті, археология және этнология мамандығының I курс магистранты

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., Жанисов Ә. Т.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытта қазақ тарихына, әдебиетіне мол үлес қосқандардың бірі – көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәнік екені белгілі. Қытай Мемлекеттік жазушылар одағының мүшесі, Қытай Мемлекеттік Фольклоршылар қоғамының мүшесі, Қытай Мемлекеттік сыйлығының иегері Зейнолла Сәніктің қазақ этнографиясы мен тарихын көп уақыт зерттеп, айналысқан. Сол көп ізденулерінің арқасында аса құнды «қазақ этнографиясы» атты екі томдық еңбек дүниеге келді. Бұл қомақты еңбек қазақ халқының сан ғасырлық даму кезеңінің ұлт болып қалыптасуының тұтас тарихын салт ата-бабамыздың қалдырып кеткен материалдық және рухани мәдениеттерінің жалпы жиынтығын көрсетіп, дәлелдермен айқындап, қазақ деген халықтың қалай дүниеге келіп, қалай дамып, осы кезеңге дейінгі жағдайын егжей-тегжейлі жазып кеткен. Сол себепті біз ең әуелі өзіміздің кім екенімізді, халқымыздың қалай қалыптасқанын, салт – дәстүрімізді қастерлеп, оның келер ұрпаққа үлгі боларлық жақтарының жол – жосығын ұғып, білмей тұрып, «біз мынандай халық едік» деп басқаға мақтана таныстыра алмайсың. Белгілі түркітанушы Л.Н.Гумилев: «Өз тарихыңды білмейінше және оған белгілі бір көзқарас болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - деп жазып кеткен. Демек, біз осы заманғы мәдениетімізді дамытамыз десек ең әуелі өз мәдениетіміздің даму тарихын ұғып, оның асылы мен жасығын саралай алатын қабілетті меңгергеніміз жөн.

Ұлтымыздың тамаша салт-дәстүрі тарихтан бері үзілмей жалғасын тауып келеді. Мысалы, қазақтың айтыс өнері мемлекеттік аса құнды мұрағатына қатарына енгізілді. Келе уақытта қазақтың киіз үйі оның құрылысын, ертеден келе жатқан өлең, жырлары, ою-өрнектері, қазақ жеріндегі балбал тасты мен жазу-суреттері, т.б. Заттық және рухани мәдениетіміздің маңыздылығын, оның тарихын саралау, жинақтау, басқаларға таныстыру жақтарында істелуге тиісті көптеген жұмыстар біздің алдағы негізгі мақсатымыз болып тұр. «Қазақ этнографиясы» осы жақтардағы олқылықтарды ұғып-білуге әрі осыған көмекші болары анық.

Біздің ұлттық мәдениетіміз – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған асыл мұрасы. Оның ұрпаққа үлгі боларлық жақсы жақтары біздің рухани мұратымыздың, ұлттық рухымыздың алтын қазынасы. Сондықтан біз және кейінгі ұрпақ мәдениетімізді қастерлеп, дәріптеп, үйренуіміз тиіс.

Заттық этнографияның көлеміне – ұлт, сол ұлттың әр алуан тіршілік кәсіптері, егін-мал шаруашылығы, өнеркәсібі, тұрғын үйлері, қол өнері, сауда киім-кешек, азық-түлік, әртүрлі өндіріс құрал-жабдықтары, ауылдық, отбасылық жүйелері, еңбек, жер байлығы, т.б. кіреді дейтін болсақ, осы аталғандардың барлығы «қазақ этнографиясы» еңбегінде жекелеген арнайы тарауларда көрсетілген. Мысалы, шаруашылық мәселесі негізінен мал шаруашылығы, егін шаруашылығы аясында қарастырылса, аңшылық, балықшылық, орманшылық, бау-бақша, тау-кен, сауда-саттық тәрізді мәселелер жекелеген кәсіп нешінде олардың түп төркінінен бермен қарай таратыла сөз болған. Біздің эрамызға дейінгі дәуірдегі әрбір кәсіптің шығу төркіне қарап отырып, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарынан сан мыңдаған жылдар бұрын орын алғанын байқауға негіз бар.

Қазақтың ұлттық тағамдарына қатысты айтатын болсақ, автор мал сойғанда балта, шот қолданбайтындығына, алынып тасталатын бездер мен тамырларға түсінік беріп: «Қасапшылар мен ет бұзушылардың тағы бір міндеті – етті арам бездерінен арылту», - дегенді айтады. Көріп отырғанымыздай, малды союдың өз мәдениеті бар екендігін жазып кеткен.

Адам атаулы Алланың жаратылысы ағаштан түсіп ақыл-есі кіргенше жануарлардан еш айырмашылығы болмаған деседі білетіндер. Яғни, адамды адам қылған ақыл-есі, рухани байлығы. Сол уақыттан бері әлемге тараған адамзат өркениеттерінің әрқайсысына тән өзіндік

рухани мәдениеті қалыптасқан. Қазіргі қазақ халқының рухани мәдениетінің бастау бұлағы, түп тамыры көшпелі ата-бабалар өркениетінде жатыр. Тарих дәлелдеген бір шындық бар: рухани мәдениеттің ғұмыры материалдық мәдениеттен әлдеқайда ұзақ. Көшпелі бабаларымыздың тіршілікті тану, өмірге деген көзқарастарының өзгешелігі материалдық мәдениеттің күйреуге бейім екендігін түсінуінде.

Еңбектің үшінші бөлімінде рухани этнографияның құрамында қазақ қоғамының құрылымы, ежелгі наным-сенімдер, халықтың ғылым, заңдар, бала тәрбиесі, салт-дәстүр, этнопедагогика мәселелері қамтылған. Қазақ қоғамының құрылымы сөз болғанда, қазақ халқының рулық, туыстық, отбасылық жүйесімен бірге есім қою дәстүрі арнайы қарастырылған. Рулық жүйе туралы айтылғанда қазақтардың жеті атаға дейін қыз алыспауының негізгі себептерін бүгінгі таңда ғалымдардың өздері мойындап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеуде. Сонымен бірге автор рулық жүйені, әр рудың ұраны, таңбасы болатындығын, «жер дауы мен жесір дауы» кезінде рулық намыстың сынға түсетіндігін көрсете білсе, туыстық жүйенің де қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатындығын айтқан. «Ата жұрт», «нағашы жұрт», «қайын жұрт» сынды үш жұрттың өз орны болатындығы анықталған. Қазақ халқының азаматтық үш жұртында, рулық тұлға бойынша адамдар арасындағы қарым-қатнас, өзара жақындастық, қандастық байланыс болуымен бірге құдандалық қарым-қатынас арқылы өзара қарым-қатынас тереңдеп, көлемденіп, кеңейіп, іргесі кеңге жайылып келген. Сондықтан да қазақ халқы "сұраса берсең қасындағы ханымың қарын бөле болып шығады" деп текке айтпаған. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан туыстық, жекжаттық, дос жарандық жүйенің негізінде туған халықтың мақал-мәтелдері адамдар арасындағы қатынастардың ара-жігін қолмен қойғандай етіп ұғындыра алады. Оған «Өзінді-өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер», «Өз жұрты – күншіл, нағашы жұрт – міншіл, қайын жұрт – сыншыл», «Туысы жаман туғанын жамандайды» деген секілді аталы сөздер нақты мысал бола алады.

Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді. Сондай-ақ, қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді.

Тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбиеге де қазақ халқы ерекше мән берген. Қазақ халқы бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие деген ұғымды пайдаланбағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Мысалы, «Еңбегі қаттының ембегі тәтті», «Еңбек — өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке», «Үнемшілдік-сарандық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды» деген мақалдары дәлел бола алады. Бұл ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқатады. Қазақ отбасында экономикалық тәрбие арқылы айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгеру жүзеге асты.

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сарандыққа салынып кетуден жирендіріп отырған.

«Қазақ этнографиясы» еңбегі қарапайым, түсінікті тілмен жазылған, автордың зерттеушілердің пікірлеріне сүйенумен бірге өздерінің ұлттық әдебиет пен мәдениетті жақсы білетіндігі, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер туралы толыққанды түсінік беріп кеткен. Қазақ елі өзінің ұлттық құндылықтарын сақтау арқылы ғана Мәңгілік ел болатындығын еске алатын болсақ, қазақ этнографиясын өскелең ұрпақтың санасына құю керектігі байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда бұл еңбектің жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ұлттығын сақтауы үшін ауадай зәрулігін байқау қиын емес.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақ этнографиясы: / Зейнолла Сәнік, Жанат Зейноллақызы. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2016. – 576 б.
2. Зейнолла әлемі. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. – 424 б.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. : №7 498 бет.
4. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. //Қазақ, А., Білім, 1994, 97 б.